

Законодательство ЕС по определению допустимых уровней остатков пестицидов установлено для защиты потребителей и для качественной торговли продуктами, содержащими остатки пестицидов.

Цитируемые источники:

1. Малая медицинская энциклопедия. — М.: Медицинская энциклопедия, 1991.—96 стр.
2. Медведев С.С. Физиология растений: учебник. — СПб.: ВВХ — Петербург, 2013. — 512с
3. Регламент Европейского Парламента и Совета 396/2005 максимально уровни остаточного содержания пестицидов в пищевых продуктах и кормах растительного и животного происхождения // http://ec.europa.eu/food/plant/protection/pesticides/index_en.htm (последнее посещение 30.10.2014).

Әлімбаев А.Р.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының тарих
ғылымдарының кандидаты, доцент

Керимкулова Р.О.,
магистрант

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ҒЫҒЫМАҚТАСТЫҒЫ: АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАҢА ЖЕТІСТІКТЕР

Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде бүгінгі халықаралық қатынастарда бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп, халықаралық алаңда өз орнын таба алған, саяси тұрақты мемлекет деңгейіне жетті. Еліміздің сыртқы саясаты тек достық қарым-қатынастарға бағытталғаны белгілі. 2014 жылғы 21 қаңтардағы бекітілген Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы сыртқы саяси қызметінің қағидалары мен тәсілдеріне, мақсаттарына, басымдықтары мен міндеттеріне негізделген. Сонымен бірге Тұжырымламада елдік және өңірлік басымдықтарға көңіл бөле келіп Қазақстан Республикасы Түркия Республикасымен екі халықтың тарихи тегі мен мәдени құндылықтарының ортақтығы негізінде жан-жақты ғылым-ақпараттық ынғайтуға баса мән берілі деп айқындаған [1]. Шын мәнінде де Қазақстан мен Түркия арасындағы ынғаймақтастық пен байланыстардың қазіргі жай-күйі қуатты түсуде.

Түркия Қазақстанның сыртқы саясатының оңтүстік-батыс бағытында басты орын алатын мемлекет деуге болады. Түркия тарапы да Қазақстанмен арасындағы ынғаймақтастықты аса жоғары бағалайтындықтарын бірнеше рет

мәлімдеген еді. Сол ретте Түркия Қазақстанды Орталық Азиядағы маңызды әріптестерінің бірі деп санады. 2010 жылы Түркия Республикасының 87 жылдығын тойлау қарсаңында сөз сөйлеген Түркия Республикасының Қазақстандағы сол кездегі Тетешке және Әкілетті елшісі Лале Улькер Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың тек қана екіжақты емес, сонымен қатар өңірлік және халықаралық деңгейде де қарқынды дамып жатқандығын айтып болатын.

Қазақстан мен Түркияның ынғаймақтастығы әр түрлі форматта ұтымды жалғасауда. Соның ішінде көптеген бірлестіктер, атап айтсақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Ислам ынғаймақтастық ұйымы, Экономикалық ынғаймақтастық ұйымы, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес, Түркі тілдес мемлекеттер басшыларының саммиті, Түркі тілдес мемлекеттер мәдениет министрлерінің Тұрақты Кеңесі – ТҮРКСОЙ шеңберінде дамып жатыр. Бүгінгі таңда екі ел арасындағы қатынастар өзара іс-қимыл жасауда «Стратегиялық әріптестік туралы шарт» аясында, аймақтық және жаһандық деңгейлерде белсенді дамуда. Яғни, екі ел 23 жыл ішінде стратегиялық әріптестік деңгейіндегі ынғаймақтастыққа қол жеткізді. Түркияның Қазақ елімен жақандығы оның тілі мен діні, ділі мен мәдениеті және этникалық түп тамырларының біртектілігінде.

Осындай іс-қимылдардың нақты нәтижесі ретінде Лале Улькер 2010 жылғы 15-16 қыркүйегінде өз қызметін бастаған Түркі тілдес мемлекеттерінің ынғаймақтастық кеңесіне қатысты: «Түркия мен Қазақстан халықтарын ортақ тіл, тарих және мәдениет байланыстырады. Осыған орай, Түркия Қазақстанмен қарым-қатынасына үлкен мән береді», - деп атап өткен еді [2]. Осы қарым-қатынастардың маңызды астарларының бірі – сауда-экономикалық өзара іс-қимыл болып табылады. 2012 жылы Түркия мемлекеті Германия, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты мемлекеттерді артта тастап, Қазақстанның 10 негізгі сауда серіктестерінің қатарына енген болатын. Түркия алғашқы жылдардан бастап-ақ елімізде жеке кәсіпкерлік пен құрылыс саласының ілгерілеуіне елеулі үлес қосқанын білеміз. Қазіргі күні Қазақстанда 1500-ге жуық түрік компаниялары жұмыс істеуде. Инвестициялар және даму министрі Ә. Исекешевтың айтуы бойынша, Түрік компаниялары Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда құны шамамен 16 миллиард АҚШ долларына жуық құрылыс жобасын жүзеге асыруда [3].

Сауда-экономикалық саладағы Қазақстан мен Түркияның өзара іс-қимылы жаһандық деңгейдегі ынғаймақтастыққа қатысты болып табылатын «Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынғаймақтастық кеңесі» және 2012 жылдың 23 мамырында Қазақстан мен Түркия арасында қол қойылған «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы жақын келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде [4]. Түркияның экономика министрі Нихат Зейнебджан қазақстандық әріптесі Ерболат Досаевпен 2014 жылдың сәуір айындағы кездесуі «Қазақстан-Түркия»